

**БЕКІТЕМІН**

«ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бөбекжайы КМКК директор м.а.  
М.С.Мухамадиева



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 – 2026 оқу жылына арналған «Балақан» ортаңғы тобының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Тәрбиешілер: Омирбекова Ж.Е.  
Мархабатқызы А.

## Қыркүйек айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (шеңберлермен).</b>  Б.қ. жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау. шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру; иыққа салып, басқа кию;  бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).  Б.қ. тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау. Қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу;  бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);  Б.қ. жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою.  оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою; тіктелу;  сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;  бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау).  <b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жүппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.  <b>Тепе - теңдікті сақтау..</b>  Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен қолды жанына созып жүру.  <b>Жүгіру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру. қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.  <b>Домалату, лақтыру, қағып алу,</b> Допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық),  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> 5 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу, етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдармен тартылып, алға қарай еңбектеу.  <b>Секіру</b> Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 1-2метр қашықтыққа алға ұмтылып аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру,  <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.  <b>Спорттық жаттығулар:</b>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Командалық ойындар арқылы  Ұйымдастыру жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру.  Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.</p>
Тіл дамыту және көркем әдебиет	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b>  дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуді;  <b>Сөздік қор:</b>  ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;  Оқу, әңгімелеу барысында ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>  Қазақ тіліне тән Ә,Ө дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;  Аталған дыбыстарды сөз ішінде дұрыс айтуларын қадағалау;  Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға дағдыландыру.  <b>Сөздік қор:</b>  Танысуға байланысты сөздер қатарын беру;</p>

	<p>Өз бөлмесіне байланысты сөздермен таныстыру;  Ойыншық атауларымен таныстыру;  Балабақшада жұмыс істейтін қызметкерлердің мамандық атауларымен таныстыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  Сөзден сөз тіркесін құрап үйрету;  Қойылған сұрақты түсінуге талпындыру;  «Мен», «Менің» иелік сөз ұғымын түсіндіру, қолдануға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  Дыбыстан сөз, сөзден сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлем қайталатып айтқызу;  Қысқаша такпақтарды жаттауға талпындыру.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b>  Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету</p> <p><b>Шама.</b>  ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b>  геометриялық пішіндерді тану және атау</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b>  өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b>  тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.</p>
<b>Құрастыру</b>	Құрылыс материалдарынан әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру;
<b>Сурет салу</b>	Көкөністер мен жемістердің суретін салу Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Мүсіндеу</b>	Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;
<b>Жапсыру</b>	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету. Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау.
<b>Музыка</b>	Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу дағдыларын қалыптастыру. Музыканың сипатын сезіну (ән, марш, вальс) Музыка тыңдау. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау; 2) түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; 2) әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау. 1. «Ойыншықтар» 2. «Әлди – әлди», «Алтын күз»
<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оңбағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді карауға, отбасымүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.

## Қазан айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).</b>  Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.  Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.  Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).  Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.  Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды.  Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).  Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.  Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.  Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).  Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.  Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.  Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.  <b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Тура жолмен, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен қолды екі жаққа созып, басқа құм салынған қапшық қойып жүру.  <b>Жүгіру.</b> Алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру.  <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бірбіріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын жетілдіру;  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдармен тартылып, алға қарай еңбектеу  <b>Секіру.</b> Аяқты бірге, алшақ қойып аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру 15-20 см биіктіктен секіру.  <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Екі қатарға сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.  <b>Спорттық жаттығулар:</b> Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.</p>
Тіл дамыту және көркем әдебиет	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b>  дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту</p> <p><b>Сөздік қор:</b>  Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;  жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру (ойыншықтар, киімдер, аяқкиімдер, ыдыстар, жиһаздар).</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуді;  шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау мен ересектердің сөзін тыңдау және түсіну дағдыларын дамыту</p> <p>Оқу, әңгімелеу  Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру;  Кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу</p>
Қазақтілі	<b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>

	<p>- Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ә, Ө дыбыстарын фонетикалық жаттығулар арқылы дұрыс айтуға дағдыландыру;</p> <p>- Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балаларды күз мезгіліне байланысты сөздермен таныстыру;</li> <li>- Бақта өсетін жемістер атауымен таныстыру;</li> <li>- Бақшада өсетін көкөніс атауларымен таныстыру;</li> <li>- Өз қаласы туралы жаңа сөздер қатарын беру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрлымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қойылған сұрақты түсінуге және сөздерді байланыстырып сөз тіркестерін құрастыруға үйрету;</li> <li>- Сұраулы сөйлемдерді айтқызып жаттықтыру.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сөздерден сөз тіркесін құратып айтқызу;</li> <li>- Жемістер мен көкөністерге байланысты сөйлемдер құрап үйрету;</li> <li>- Күз туралы тақпақтар жаттату.</li> </ul>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b> "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p><b>Шама.</b> ұзындығы мен ені бойынша, биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> геометриялық пішіндерді тану және атау</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.</p>
<b>Құрастыру</b>	Құрылыс материалдарынан құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластин аларды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша және ойдан құрастыру
<b>Сурет салу</b>	Көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал) үйрету. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойынан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Мүсіндеу</b>	Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.
<b>Жапсыру</b>	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау Желімдеудің техникасы; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу, ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуін қалыптастыру;
<b>Музыка</b>	Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау. Ән айтуда аспаптың сүйемелдеудегі дауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. <b>Музыка тыңдау.</b> Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл күй танытады; 2) балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойын шықтардың дыбысталуын ажыратады. <b>Ән айту.</b> Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Келесі дағдыларды қалыптастыру: 3) әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау; 1. «Жапырақтар

<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p>	<p>сарғайды» 2. « Себеттегі жемістер» 3. «Коян» 4. «Жомарт тұлкі»</p> <p>Заттық әлем.  Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапаларымен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.  Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p>
--	---

## Қараша айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары</b>  Б.қ.: «Желбіреді жалау»  . Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /6 рет қайталау/  Б. қ.: «Суда жүзу»  Аяқтары алшақ қойылған , жалаушалар жанға созу.  Иықты қозғап, суда жүзу қимылын жасау. / 6 рет қайталау/  Б.қ.: «Айқастыр»  Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар төменде. Оң қолдағы жалаушаны сол иыққа апару, сол қолдағы жалаушаны оң иыққа апару. «айқасты» деп айту./6 рет қайталау/  Б.қ.: «Құламағайлар»  Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар белде. Алдыға қарай еңкею, артқа шалқаю. /6 рет қайталау  Б.қ.: «Серіппе»  Аяқтарын алшақ қою, жалауша төменде. Орнында тұрып «серіппе» секілді секіру. /15-20 секунд/  Тыныс алу жаттығулары: «Отын» - балалар ағаш шауып жатқан тәрізді болады.мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.  Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Қатармен баяу , жылдам жүгіру. Қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналып жүгіру.  <b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен жүру.  <b>Жүгіру.</b> Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.  Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру.  <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> 1 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1м) нысанаға лақтыру. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру(1м қашықтықта) қағып алу</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Құрсаудан еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғаға биіктігі 1,5 м).  жоғары –төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту,  <b>Секіру.</b> Тұрған орнында қос аяқпен секіру, 1-2 метр қашықтыққа алға қарай ұмтылып аяқпен секіру. Бір орындв тұрып, оңға, солға бұрылып секіру 15-20 см биіктіктен секіру  <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.  <b>Спорттық жаттығулар:</b>  Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p>

<p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>          Дауысты(а,ә,е,о,ұ)және кейбір дауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,артикуляциялық аппаратты дамыту</p> <p><b>Сөздік қор.</b>          Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы(ойыншықтар,киім,аяқкиім,ыдыс,жиһаз)және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>          Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>          Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту.</p> <p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру,оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру.</p>
<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ә, Ө, Қ дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру;</li> <li>- Сөз ішінде кездесетін қазақ тілінің төл дыбыстарын анық, дұрыс айтқызып үйрету;</li> <li>- Артикуляциялық жаттығулар жасату.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «отбасы» тақырыбына байланысты жаңа сөздер үйрету;</li> <li>- «аз», «көп» сөздердің ұғымымен таныстыру;</li> <li>- Дене мүшелеріне байланысты жаңа сөздер беру;</li> <li>- Қимыл әрекеттерді білдіретін жаңа сөздермен таныстыру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрлымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «мен» сөзін етістікпен байланыстырып тіркес жасап үйрету;</li> <li>- Қимыл сөздерді бұйрық мәнінде айтып үйрету;</li> <li>- «аз», «көп» сөздеріне зат есімдерді тіркестіріп айтқызып үйрету.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Педагогтің көмегімен отбасы туралы қысқаша айтуға үйрету;</li> <li>- Дене мүшелеріне байланысты тақпақтар жаттату;</li> </ul> <p>қимыл-әрекет сөздерін қатыстырып сөйлем құрап айтқызу.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Сан.</b>          Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу</p> <p><b>Шама.</b>          Екі затты өлшемі бойынша(ұзын-қысқа,биік-аласа, артық-кем) салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b>          Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b>          Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында үйрету</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b>          Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту:күндіз-түнде,таңертең-кешке.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлері мен таныстыру.</p> <p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер,кірпіштер ажырата білуге үйрету. Ойнап болғаннан кейін</p>

	бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Сурет салу</b>	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар, заттарды бейнелеуді Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Мүсіндеу</b>	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді (ыдыстар, ойыншықтар) үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
<b>Жапсыру</b>	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету.
<b>Музыка</b>	Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажырату. Әнді айта жүріп қарапайым ырғақты би қимылдарын орындауға үйрену. Жоғарғы және төменгі дыбысталуды ажырату. Музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. <b>Музыка тыңдау.</b> Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпалету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. 1. «Көңілді машина» 2. «Қоңыр аю қорбаңбай» 3. «Бауырсақтың» әлемі 4. «Қыс қызығы».
<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.

Желтоқсан айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.</p> <p>аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p><b>Жүру.</b> Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;</p> <p><b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Бір-бірінен тақтайшалардың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Басына қапшықтықойып, жерде созылып жатқан жіптің үстімен қолды әртүрлі ұстап жүруге жаттықтыру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.</p> <p>Допты бастан асыра екі қолмен және бір қолымен лақтыру (1 метр қашықтықтан). Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Құрсаудан еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғаға жоғары – төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту,</p> <p><b>Секіру.</b> 15-20 см биіктіктен секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.</p>
Тіл дамыту және көркем әдебиет	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>зат есімдерді, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету</p> <p>Өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ тіліне тән Ә, Ө, Қ дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру;</li> <li>- сөз ішінде кездесетін қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтып үйрету;</li> <li>- артикуляциялық жаттығулар жасау;</li> <li>- аталған дыбыстан басталатын сөздерді айтқызып жаттықтыру.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды қыс мезгілі бойынша жаңа сөздермен таныстыру;</li> <li>- «Отан» тақырыбына байланысты жаңа сөздермен қаруландыру;</li> <li>- «Жаңа жыл» мерекесіне байланысты сөздер үйрету.</li> </ul>

	<p><b>Тілдің грамматикалық құрлымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қыс мезгіліне байланысты сөздерден сөз тіркестерін құрап үйрету;</li> <li>- «аз», «көп» сөздерімен сөз тіркестерін жасауға дағдыландыру.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қыс тақырыбына сөйлемдер құратып жаттықтыру;</li> <li>- Қыс туралы тақпақтар айтуға үйрету;</li> <li>- «Жаңа жыл» мерекесіне тілек айтқызып жаттықтыру;</li> </ul> <p>Педагогтің көмегімен «Жаңа жыл» мерекесі туралы сөйлемдер айтқызып үйрету.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b> қоршаған ортадан бірнеше бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру</p> <p><b>Шама.</b> Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен бөлестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды үйрету</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балаларды геометриялық фигура үшбұрыш, пентаньыстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Өзінің денемүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарына нықтауды: үстінде-астында меңгерту</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіруде дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды үйрету. Жапсыруда биігі материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.</p>
<b>Музыка</b>	<p>- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. <b>Музыкалық жанрлар:</b> ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. <b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпалету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бірбірден, жұпша ырғақты қимылдарды орындау. 1. «Тәуелсіз елім» 2. «Жаңа жыл – жаңа нұр» 3. «Шырша түбіндегі сыйлық» 4. «Аққала».</p>
<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	<p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>

Менің Отаным – Қазақстан.

Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы

ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.

Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.

Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек

көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету

## Қаңтар айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары.</b>  Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп 6 рет қайталау/  Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»  Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/  Б.қ.: «Қайшы»  Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./6 рет /  Б. қ.: «Жұлдызша»  ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.  Бастапқы қалыпқа келу.  Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру<b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта.  <b>Жүгіру.</b> тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру.  <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) лақтыру.  <b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Сызықтардың арасы мен (арақашықтығы10см) жүру Арқан бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып заттардан аттап өту.  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b>Туннель арқылы еңбектеу.4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу,  <b>Секіру.</b> Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру.  <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау, балалар қайталайды және өз элементтерін әкеледі.  <b>Спорттық жаттығулар:</b>Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау.</p>
Тіл дамыту және көркем әдебиет	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту  <b>Сөздік қор.</b>  Балалардың сөздік қорының ойындармен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды меңгерту  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.  Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу</p>
Қазақ тілі	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ә, Ө, Қ, Ү дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру;</li> <li>- Сөз ішінде кездесетін қазақ тілінің төл дыбыстарын анық, дұрыс айтқызып үйрету;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Артикуляциялық жаттығулар жасату.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Үй жануарлар атауымен таныстыру;</li> <li>- Үй құстарына байланысты сөздермен қаруландыру;</li> <li>- Жабайы аңдар атауларымен таныстыру;</li> <li>- «Бауырсақ» ертегісі желісіне байланысты сөздермен таныстыру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Зат есіммен етістіктен тіркес құрап айтуға жаттықтыру;</li> <li>- «маған», «саған» есімдіктерін орынды пайдалануға үйрету.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Үй жануарлары туралы тақпақтар жаттату;</li> <li>- «Бауырсақ» ертегісінің желісімен рөлді қазақша сомдауға талпыныс жасату;</li> <li>- Жабайы аңдарды сипаттап айтуға үйрету;</li> </ul> <p>Үйренген сөздерін күнделікті өмірде қолдануға дағдыландыру.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b> «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру қоршаған ортадан бірнеше бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.</p> <p><b>Шама.</b> салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар сөздерімен белгілеу</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Өзінің денемүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: алдында-артында</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<b>Құрастыру</b>	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрыналынғандағыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
<b>Сурет салу</b>	Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді. бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түскесалмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін жасап (кызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету.
<b>Мүсіндеу</b>	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
<b>Жапсыру</b>	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағуды, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды жетілдіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.
<b>Музыка</b>	Музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлау мен қиялдауын дамыту; Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. <b>Музыкалық жанрлар:</b> ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (барабан, металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. <b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. 1. «Көкетай» 2. «Ақшақарлар билейді» 3. «Аю мен түлкі» 4. «Қыстағы әнші құстар».

<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	<p>Еңбекке баулу.</p> <p>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.</p> <p>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p>
-----------------------------------	---

## Ақпан айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).</b>  Б.қ. аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.  Балалар жалауларын жоғары көтеріп, екі қолын қайшылайды.  Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). Б.қ. аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.  Қолдарын иыққа көтеріп, жалауларын қояды.  Б.қ. (жаттығу 4 рет қайталанады).  Б.қ. жерде отырады, аяқ алшақ, жалау ұстаған қолдары екі жанында.  Аяқтарын жинап, жалауларын ұстаған қолдарымен құшақтайды.  Б.қ. (жаттығу 3 рет қайталанады). Б.қ. аяқ бірге, дене бос, қол төменде.  Жалауларын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.  Б.қ. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жүппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып жүру.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p><b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 10 см.) жүру.  Сызықтардың, арқанның, тақтайдың скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, адамдап аттап жүру.</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Допты жоғары лақтырып қағыпалу, Жерге соғып қағып алу. Екі қатарға тұрып ныснаға доп лақтыру.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу</b> Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу</p> <p><b>Секіру.</b> Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру,</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b> Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.</p>
Тіл дамыту және көркем әдебиет	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p><b>Сөздік қор.</b>  сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойына итуға үйрету</p> <p>Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылауды ұйымдастыру.</p>
Қазақ тілі	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>  --қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға,  дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға дағдыландыру;  -Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Қ, Ү, Ұ дыбыстарын дұрыс айтуға машықтау;  -Аталған дыбысқа байланысты сөздер қатарын беріп, дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p><b>Сөздік қор:</b>  -Киім атауларымен таныстыру, ұлттық киім атауларына байланысты жаңа сөздермен таныстыру;  -азық-түлік атауларымен таныстыру;  -сусындарға байланысты жаңа сөздер қатарын беру.</p>

	<p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  -«бұл кім?», «бұл не?» сұрақтарына қысқаша жауап беруге жаттықтыру;  -Сөздерді байланыстырып сөз тіркесін құрастыра алуға дағдыландыру (зат есіммен сын есім т.с.с.)</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  -киім атауларын күнделікті өмірде қолдануға дағдыландыру;  -азық-түліктер мен сусындар атауларына байланысты сөз тіркестерін күнделікті өмірде орынды пайдалануға үйрету;  ұлттық киімдерді сипаттап айтуға үйрету.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b>  Заттарды салыстыру: заттарға қосунемес заттардан алутәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру</p> <p><b>Шама.</b>  салыстыру нәтижелерін ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа сөздерімен белгілеу.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b>  Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b>  Өзінің денемүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b>  Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сөз балаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және негізгі сөздерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызылған құрылысын талдауға баулу.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Бір заттың немесе тұлғаның суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.</p> <p>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түскесалмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақтамамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету</p> <p>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Саз балшықтан, ермек саздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулуды жалғастыру. Саз балшық, ермек саз кесектерінен бөліпалу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түліктерді мүсіндеуге үйретуді пысықтау.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p> <p>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</p> <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. <b>Музыкалық жанрлар:</b> ән, би, маршпен таныстыру. <b>Музыка тыңдау.</b> Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p><b>Ән айту.</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>1. «Аспаптар» 2. «Көңіл күй-» 3. » . «Хоки-поки».</p>
<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	<p>Өсімдіктер әлемі.</p> <p>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p>

## Наурыз айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<p><b>Дене тәрбиесі</b></p>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар: (сылдырмақпен )</b>  Қолымызда сылдырмақ алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен сылдырмақты, іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.  Өртүрлі бағытта: ура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүру.  <b>Жүгіру.</b> Текшелердің, кеглилердің арасымен, белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: баяу, жылдам тоқтап жүгіру.  <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Допты кедергілер арқылы бастан асыра лақтыру (1 метр қашықтықта) қағып алу. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Допты бастан асыра лақтыру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу..</b> 5 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу, етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдармен тартылып, алға қарай еңбектеу.  <b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Гимнастикалық тақтайдың бойымен қолды жанына созып тура жүру және бұрып жүру.  <b>Секіру.</b> 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, 3-4 сызықтан аттап (сызықтар арақашықтығы 30-40 см). секіру.  <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.  <b>Спорттық жаттығулар.</b> Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.</p>
<p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p><b>Сөздік қор.</b>  Балаларға тұсау кесуді сүріментаныстыру арқылы олардың алғашқы адамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру дағдысын жетілдіру</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруды, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды дамыту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауысырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды үйрету  Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздермен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру</p>

<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге машықтау;</li> <li>- сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ү,Ұ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ыдыс-аяқ атуларымен таныстыру;</li> <li>- балаларды көктем жыл мезгіліне байланысты сөздермен таныстыру;</li> <li>- «Наурыз» мерекесіне байланысты жаңа сөздермен қаруландыру;</li> <li>- Ұлттық тағамдар атауымен таныстыру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Көктемге байланысты сөз тіркестерін күнделікті өмірде орынды пайдалануға үйрету;</li> <li>- Қойылған сұрақты түсінуге және сөздерді байланыстырып құрастыруға үйрету.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Күнделікті өмірде жиі пайдаланатын сөз тіркестерін дұрыс айтуға дағдалындыру;</li> <li>- Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге, сөздерді есте сақтауға үйрету;</li> <li>- тақпақ, ән жаттату, тілек айтуға үйрету.</li> </ul>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Сан.</b> «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p> <p><b>Шама.</b> салыстыру нәтижелерін бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балаларды геометриялық фигура дөңгелек пен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Өзінің денемүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағытта рынанықтау: оң-сол.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды пысықтау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауды, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнау дағдысын жетілдіру.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Тұтасқағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p><b>Жапсыру</b></p>	<p>Қазақ халқының ұлттық дыбыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіруді. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
<p><b>Музыка</b></p>	<p>Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажыратуға үйрету. Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Өртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады. Әнді тыңдауға және жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (барабан, металлофон)</p>

	<p>дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Балала әр қимылды санап, ритммен жасау және үйрену.</p> <p>«Балықтар» Мақсаты: Балалардың бойында шапшаңдылықты дамыту Ойынның шарты: Балалар өздерін балықтар болып бейнелейді. Музыка қосылған бойда залды айналып жүзіп жүреді. Музыка тоқтаған бойда алдын ала дайындалған құрсауларға кіріп алулары тиіс. құрсауға үлгермеген балық ойыннан шығады.</p>
<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	<p>Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p>

## Сәуір айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (заттарсыз)</b>Бастапқы қалып - аяқтары иық деңгейінде, қолдары кеуде тұсында, шынтақтары бүгілген, саусақтары жұдырыққа түйілген. Осы күйінде қолдарын айналдыру. Қолдарын кезек айналдырады.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтары сәл ашылған, қолдары артқа қарай жіберілген. Отырып, қолдарымен тізесін құшақтау, тұру, қолдарын артқа жіберу және т.с.с.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтарын ашып отыру, қолдарын жанға жіберу. артқа жіберілген. Еңкейіп, аяқтарының ұштарына қолдарын тигізу, тік тұру, қолдарды артқа қарай жіберу, қайтадан алғашқы қалыпқа келу.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтарын тік түзеп отыру, қолдарын артқа тіреу.</p> <p>Оң аяқты көтеру, түсіру.</p> <p>Сол аяқты көтеру түсіру.</p> <p>Бастапқы қалып - аяқтарын қосу, қолдарын беліне қойып секіру.<b>Негізгі қимылдар: Жүру.</b> Шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.</p> <p><b>Тепе - теңдікті сақтау. теңдікті сақтау.</b> Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 10 см,) жүру. Сызықтардың, арқанның, тақтайдың скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып заттардан аттап өту.</p> <p><b>Жүгіру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Заттардың арасымен доптарды оң және сол , құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лоқтыру (1,5-3,5 метрден кем емес), оң және сол қолмен көлденең қойылған нысанаға (1,5-2 м. қашықтықтан) лақтыру.</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу. Әртүрлі кедергілер арасынан төрттағандап ебектеу.Еңбектеу техникаларын жетілдіру.</p> <p><b>Секіру.</b> Аяқты бірге, алшақ қойып аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру)секі 15-20 см биіктіктен секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b>Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.</p>
Тіл дамыту және көркем әдебиет	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дауысты(а,ә,е,о,ұ)және кейбір дауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,артикуляциялық аппаратты дамыту,сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу,жаңылтпаштар айтуды меңгерту.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Зат есімдерді іүстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру,қызығушылығын ояту.</p> <p>Ересектермен бірге ертегілерді,қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету,онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу</p>
Қазақ тілі	<b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ү, Ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету;</li> <li>- Аталған дыбыстар кездесетін сөздер айтқызып жаттықтыру;</li> <li>- Сөз ішінде кездесетін қазақ тілінің төл дыбыстарын анық, дұрыс айтқызып үйрету;</li> <li>- Артикуляциялық жаттығулар жасату.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Негізгі түс атауларымен таныстыру;</li> <li>- Сыпайы сөздер қатарын молайту;</li> <li>- Кеңістікті бағдарлау сөздерімен таныстыру;</li> <li>- Көлік атауларымен таныстыру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Зат есіммен сын есім тіркестерін айтуға жаттықтыру;</li> <li>- Сыпайы сөздерді орынды пайдалануға машықтау.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Түс атауларына байланысты тақпақтар жаттату;</li> <li>- Кеңістікті бағдарлау сөздері мен етістікті жалғап айтып үйрету;</li> <li>- (Алға жүр. Артқа секір т.с.с.)</li> </ul> <p>Сыпайы сөздерді күнделікті өмірде қолдануға дағдыландыру; көлік атауларына байланысты тақпақтар жаттату.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b> Заттарды салыстыру: заттарға қосунемесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруін қалыптастыру</p> <p><b>Шама.</b> Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуін дамыту</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балаларды геометриялық фигура дөңгелек пентаныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<b>Құрастыру</b>	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.
<b>Сурет салу</b>	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстермен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
<b>Мүсіндеу</b>	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
<b>Жапсыру</b>	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе,

	алашаорамалжасауды үйрету.
<b>Музыка</b>	<p>Көңілді, сабырлы, мұнды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу.</p> <p>Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу.</p> <p>Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу. Әнді немесе әуенді тыңдап, жануарлар мен төлдерінің жүрісін, қимыл-қозғалысын көрсете білуге, олардың дауыс ырғақтарын ажыратып, еске сақтауға үйрету. Балалардың музыка жанрлары туралы білімдерін дамыту. Әнді, биді, маршты ажырата білуге баулу.</p> <p>«Жаңбыр» Ойынның шарты: Жай музыка қосылған бойда балалар алақандарымен жаңбырдың дыбысын соғу арқылы бейнелейді тез музыка қосылған бойда алақандарымен жаңбырдың құйып жатқандығын білдірулері тиіс музыка сөніп қалған бойда кенет тоқтатулары керек ең соңғы шапалақ ұрып қалған бала өз өнерін көрсетеді.</p> <p>«Дене мүшелері»</p>
<b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>	<p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</p> <p>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p>

## Мамыр айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<p><b>Дене тәрбиесі</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары</b>  Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдарын төмен түсіріп тұру.  "Міне, біз қандай биікпіз!",- деп қолдарын жоғары көтеру, отыру және қолдарын тізесіне қою.  "Міне, біз қандай кішкентаймыз!",- деп, бастапқы қалыпқа келу.  Бастапқы қалып: қолдарын артқа тіреліп, аяқтарын біріктіріп, алға созып отыру.  Аяқтарын бүгу, тізесін өзіне қарай тарту және аяқтарын созу.  Бастапқы қалып: қолдарын иектеріне қойып, етпетімен жату. Қолдарын алға созу, нұсқаушыға көрсету және алақандарын артқа қойып, "балық" болып жүзеді.  Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдарын еркін төмен түсіріп тұру.  Орындарында "торғайша" секіреді.  <b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.  <b>Тепе - теңдікті сақтау.</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен келбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен жүру.  <b>Жүгіру.</b> Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.  Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру.  <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> 1 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1м) нысанаға лақтыру. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру(1м қашықтықта) қағып алу  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Құрсаудан еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғаға биіктігі 1,5 м). жоғары –төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту,  <b>Секіру.</b> Тұрған орнында қос аяқпен секіру, 1-2 метр қашықтыққа алға қарай ұмтылып аяқпен секіру. Бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру 15-20 см биіктіктен секіру  <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.  <b>Спорттық жаттығулар:</b>  Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p>
<p><b>Тіл дамыту және көркем әдебиет</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Дауысты(а,ә,е,о,ұ)жәнекейбірдауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды меңгерту.  <b>Сөздік қор.</b>  тұсаукесудестүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жеке, көпше түрде қолдануды үйрету.  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.  Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ынталандыру, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу</p>
<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақ тіліндегі жаңа сөздерді ынта қойып тыңдауға және дұрыс айта білуге, сөздерді есте сақтауға үйрету;</li> <li>- Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ү, Ұ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Аталған дыбысқа байланысты сөздер қатарын беріп, дұрыс айтуға жаттықтыру.</li> </ul> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ұлттық ойындар туралы жаңа сөздер қатарын беру;</li> <li>- батырлық, батылдық туралы жаңа сөздер үйрету;</li> <li>- өсімдік атауларымен таныстыру;</li> <li>- жаз мезгіліне байланысты жаңа сөздер тобын беру.</li> </ul> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Бұл кім?» ,«Бұл не?» сұрақтарына қысқаша жауап беруге дағдыландыру;</li> <li>- қойылған сұрақты түсінуге және сөздерді байланыстырып сөйлем құрастыруға машықтау.</li> </ul> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- күнделікті өмірде жиі пайдаланатын сөз тіркестерін дұрыс айтуға дағдалындыру;</li> <li>- Отан туралы ән жаттату;</li> <li>- Жаз мезгіліне байланысты сөз тіркестерін күнделікті өмірде орынды пайдалануға үйрету;</li> <li>- Өсімдіктер туралы тақпақ жаттату.</li> </ul>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b> Заттарды салыстыру: заттарға қосунемес заттардан алутәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруін қалыптастыру</p> <p><b>Шама.</b> Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуін дамыту</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балаларды геометриялық фигура дөңгелек пен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Өзінің денемүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттары нанықтауды жетілдіру: оң-сол.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<b>Құрастыру</b>	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.
<b>Сурет салу</b>	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. Бір заттың немесе тұлғаның суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтасқағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
<b>Мүсіндеу</b>	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйым арды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын жұмысдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
<b>Жапсыру</b>	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету.
<b>Музыка</b>	Балаларды музыканың әртүрлі сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы, мұңды. Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді. Әннің мән мағынасын толық түсіну және де анық сөздерді айтуға тәлім беру. Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету. Әуенді тындап, қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу. Белгілі әуенге қимылдар жасауға үйрету, тез, ойнақы музыкалар мен жай орындалатын музыкаларды ажыратуға қалыптастыру Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ

	<p>дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Аспаптарды топтастыр» лепбукты қолдана отырып музыка жетекшісінің нұсқауы бойынша аспаптарды орнына жинайды. Мысалы; сыбызғыны ойнағанда үрмелі аспаптарды, барабанда ойнағанда ұрмалы аспаптарды, асатаяқты ойнағанда сылдырлайтын аспаптарды топтастырып орнына жинайды.</p> <p>1.«Кішкентай торғай»</p>
<p><b>Қоршаған әлем мен таныстыру</b></p>	<p>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p>

